



Qazaq Green сертификаттау бағдарламасы Qazaq Green Certificate

Qazaq Green сертификаттау бағдарламасының стандарты

Qazaq Green сертификаттау бағдарламасы стандартының шеңберінде верификациялық органдар стандарты шеңберінде аккредиттеу қағидалары 1.0 нұсқасы

1. Осы қағидалар Qazaq Green (QGCP) сертификаттау бағдарламасы жобаларының белгілі бір түрлері бойынша стандарт және бекітілген әдіснамалар талаптарына сәйкестігін валидациялау және верификациялау жөніндегі органдар ретінде аккредиттеу тәртібі мен аккредиттеуге қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Осы қағидалардағы терминдер ҚР СТ ISO/IEC 14065-2022 «Қоршаған орта туралы ақпаратты валидациялау және верификациялау жөніндегі органдарға қойылатын жалпы қағидаттар мен талаптар» және ҚР СТ ISO/IEC 17029-2020 «Сәйкестікті бағалау. Валидация және верификация органдарына қойылатын жалпы қағидаттар мен талаптар» стандарттары бойынша олардың анықтамаларына сәйкес, оның ішінде мынадай анықтамаларды қоса алғанда қолданылады:

- аккредиттеу – валидация немесе верификация жөніндегі органға жататын, валидацияның немесе верификацияның ерекше міндеттерін орындау үшін осы органның құзыреттілігін ресми көрсету қызметін атқаратын үшінші тараптың сәйкестікті растауы;
- валидация – болашақ қызмет нәтижелері туралы мәліметтерді алу үшін мәлімдемеде қолданылатын болжамдардың, шектеулердің және әдістердің қаншалықты қолайлы екенін бағалау процесі;
- валидатор – QGCP аккредиттелген валидация жөніндегі органның валидация жүргізуге, оның нәтижелері бойынша өтініш беруге жауапты құзыретті тұлғасы.
- верификация – осы деректердің дұрыстығын және парниктік газдар бойынша берілген ақпараттың верификация өлшемшарттарына сәйкестігін айқындау мақсатында парниктік газдар бойынша нақты деректер мен ақпаратты қамтитын өтінішті бағалау процесі;
- верификатор – құзыретті және тәуелсіз тұлға немесе оның нәтижелері бойынша верификация мен есеп жасауға жауапты тұлғалар;
- валидация жөніндегі топ – валидация жүргізетін валидация жөніндегі бір немесе одан да көп сарапшы, қажет болған жағдайда техникалық сарапшылардың қолдауы қамтамасыз етіледі;



- верификация жөніндегі топ – верификация жүргізетін верификация жөніндегі бір немесе одан да көп сарапшылар, қажет болған жағдайда техникалық сарапшылардың қолдауы қамтамасыз етіледі;
- өтінім беруші – аккредиттеу рәсіміне қатысатын ұйым
- құзыреттілік – валидация және верификация жөніндегі органның қызметкерлерінде қажетті біліктіліктің, тәжірибенің, сондай-ақ қосалқы инфрақұрылымның және валидация және верификация жөніндегі жұмыстарды тиімді орындау қабілетінің болуы;
- мүдделер қақтығысы – басқа қызмет түрлерінің немесе қарым-қатынастардың болуына байланысты жұмыстарды жүзеге асыру кезіндегі бейтараптық беделін түскен немесе беделі түсуі мүмкін жағдай;
- аккредиттеу жөніндегі комиссия – QGCP стандартының талаптарына сәйкес валидация және верификация жөніндегі органдарды аккредиттеу үшін QGCP қалыптастыратын комиссия;
- валидация жөніндегі орган – QGCP аккредиттелген және QGCP стандартына сәйкес валидацияны орындайтын ұйым;
- верификация жөніндегі орган – QGCP аккредиттелген және QGCP стандартына сәйкес верификацияны жүзеге асыратын ұйым;
- валидация бағдарламасы – нақты секторда валидация жөніндегі қызметті жүргізуге арналған қағидалар, рәсімдер және нұсқаулық;
- верификация бағдарламасы – белгілі бір секторда верификация бойынша қызметті жүргізуге арналған қағидалар, рәсімдер және нұсқаулық;
- техникалық сарапшы – валидаторлар мен верификаторлар тобына қажетті арнайы білімі мен тәжірибесі бар тұлға;

3. QGCP стандарты бойынша валидация және верификация органдарын аккредиттеуді кемінде үш мүшеден тұратын және QGCP өкілін, валидация/верификация жөніндегі сарапшыны және аккредиттеу үшін мәлімделген салалар бойынша кемінде бір сарапшыны қамтитын аккредиттеу жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

4. QGCP стандарты бойынша валидация және верификация органы ретінде аккредиттеу үшін өтінім беруші келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі керек:

- заңды тұлға мәртебесінің болуы;
- валидация және верификация саласында тәжірибенің болуы (басқа ұқсас стандарттар/схемалар бойынша аккредиттеу, бұрынғы тәжірибе және валидация/верификация жүргізу үшін қызметкерлер құрамының болуы);
- QGCP стандарты бойынша валидация және верификация жөніндегі қызмет шеңберінде ҚР СТ ISO 14066-2016 «Парниктік газдар. Парниктік газдарды валидациялау және верификациялау жөніндегі топтардың құзыреттілігіне қойылатын талаптар» және ҚР СТ ISO/IEC 17029-2020 «Сәйкестікті бағалау. Валидация және верификация органдарына қойылатын жалпы қағидалар мен талаптар» стандарттарының талаптарына сәйкестік және сақтау;



- мүдделер қақтығысының болмауы, валидация және верификация жөніндегі органдарды ротациялау, валидация және верификация жөніндегі органның қызметін бақылау бойынша QGCP стандартының талаптарын сақтау.

5. Аккредиттеу үшін өтінім беруші QGCP-ге келесі құжаттарды ұсынады:

- осы аккредиттеу қағидаларына қосымшада белгіленген нысан бойынша өтініш;
- аккредиттеу жөніндегі қызметке ақы төлеу туралы құжат;
- заңды тұлғаның мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі;
- басқа валидация/верификация стандарттары/схемалары бойынша аккредиттеуді растайтын құжаттардың көшірмелері;
- валидация/верификация туралы бұрын берілген өтініштердің көшірмелері;
- аккредиттеу саласы бойынша валидация мен верификацияны қамтитын аккредиттеу туралы қолданыстағы құжаттың немесе өзге де тиісті құжаттың көшірмесі;
- QGCP стандартын, ҚР СТ ISO 14066-2016 «Парниктік газдар. Парниктік газдарды валидациялау және верификациялау жөніндегі топтардың құзыреттілігіне қойылатын талаптар» және негіздемемен ҚР СТ ISO/IEC 17029-2020 «Сәйкестікті бағалау. Валидация және верификация органдарына қойылатын жалпы қағидаттар мен талаптар», ҚР СТ ISO/IEC 14065-2022 «Қоршаған орта туралы ақпаратты валидациялау және верификациялау жөніндегі органдарға қойылатын жалпы қағидаттар мен талаптар» стандарттарының валидация және верификация жөніндегі талаптарын сақтау туралы еркін нысандағы өтініш;
- ҚР-да аккредиттеу немесе аккредиттеу саласы офсеттік жобаларды верификациялауды және валидациялауды қамтитын басқа аккредиттеу жүйелері бойынша қолданыстағы аттестаттың болуы.

6. Осы құжаттың 5-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттар топтамасы толық болмаған жағдайда QGCP бұл туралы өтінім берушіге құжаттарды алған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде қажетті толықтырулар мен өзгерістерді, ықтимал нақтылау мәселелерін және қосымша ақпарат беру мерзімін көрсете отырып хабарлайды.

7. Құжаттардың толық пакетін және нақтылау сұрақтары бойынша жауаптарды алған кезде QGCP өтінім берушіге құжаттардың толық пакетін алған күннен бастап күнтізбелік 60 күннен аспайтын QGCP стандарты бойынша оның аккредиттеуге өтінішін қарау мерзімдері туралы хабарлайды.

8. Осы құжаттың 7-тармағында көрсетілген мерзім ішінде QGCP аккредиттеу жөніндегі комиссияны қалыптастырады және аккредиттеу жөніндегі комиссияның отырыстары өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей ұсынылған құжаттардың толық топтамасын ұсына отырып, аккредиттеуге арналған өтініштерді қарау үшін оның отырысын ұйымдастырады.



9. Аккредиттеу жөніндегі комиссияның шешімдері негізінде QGCP аккредиттеу жөніндегі комиссияның тиісті отырысы өткізілген күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде өтініш берушіге жауап бере отырып, QGCP стандарты бойынша валидация және верификация жөніндегі орган ретінде өтінім берушіні аккредиттейді немесе аккредиттеуден бас тартады.

10. Валидация және верификация жөніндегі орган ретінде аккредиттеу туралы оң шешім қабылданған жағдайда QGCP және өтінім беруші тиісті аккредиттеудің қолданылу мерзімі ішінде валидация және верификация жөніндегі органның аккредиттеу өлшемшарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі келісімге қол қояды.

11. Осы құжаттың 10-тармағында көрсетілген келісімге қол қойылған күннен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде QGCP өтінім берушіге валидация және верификация жөніндегі орган аккредиттелген QGCP саласы мен әдіснамасын көрсете отырып, аккредиттеу туралы куәлік береді, сондай-ақ валидация және верификация жөніндегі орган туралы ақпаратты өзінің веб-сайтында орналастырады.

12. QGCP стандарты бойынша валидация және верификация жөніндегі орган ретінде аккредиттеу туралы куәлік 5 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

13. Аккредиттеу туралы куәліктің қолданылу мерзімі ішінде QGCP стандарты бойынша валидация және (немесе) верификация жүргізу кезінде QGCP бақылау іс-шараларын жүргізуге құқылы.

14. Осы құжаттың 13-тармағында көрсетілген бақылау іс-шаралары ақпарат пен құжаттаманы қарауды қамтуы мүмкін:

- валидация және (немесе) верификация жүргізілетін нақты жобалар бойынша мүдделер қақтығысының болмауы жөніндегі талаптардың сақталуына қатысты шағымдарды қоса алғанда, ақпаратты қарау;
- олардың орындалуын валидациялау және верификациялау жоспарларын қоса алғанда, валидация және верификация жөніндегі органның құжаттамалары;
- валидация және верификация туралы өтініштер, верификация туралы есептер.

15. Бақылау іс-шараларын жүргізу нәтижелері бойынша QGCP тиісті аккредиттеудің қолданылу мерзімі ішінде валидация және верификация жөніндегі органның аккредиттеу өлшемшарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі келісім шарттарында валидация және верификация органына осы шешімдерге шағымдану үшін мүмкіндік бере отырып, аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын тоқтата тұруға не күшін жоюға құқылы.



Qazaq Green сертификаттау бағдарламасы стандартының шеңберінде верификациялық органдар стандарты шеңберінде аккредиттеу қағидаларына қосымша

QGCP стандарты бойынша аккредиттеуге өтініш нысаны

I. Өтінім беруші, оның өкілдері және байланыс деректері			
1	Өтінім беруші ұйымның атауы		
2	Тек бір кеңсе болған жағдайда орталық кеңсенің немесе ұйымның мекенжайы		
	Қазақстандағы бөлімшенің мекенжайы (шетелдік ұйымдар үшін)		
	Өтінім беруші ұйымның электрондық пошта мекенжайы		
	Ұйымның веб-сайты		
3	Өтінім берушіде заңды тұлға мәртебесінің болуы	Тіркелген ел немесе заңды тұлға ретінде танудың өзге де нысаны	
		Қазақстан заңнамасы бойынша заңды тұлға мәртебесінің болуы	
		Басқа ұйымдармен өзара байланыс сипаты (ұйымдар тобына кіретін ұйымдар үшін)	
4	Өтінім беруші ұйымның басшысы	ТАӘ:	
		Лауазымы:	
		Телефон нөмірі:	Ұялы телефон нөмірі
		Email:	
5	Байланыс тұлғасы	ТАӘ:	



		Лауазымы:	
		Ұялы телефон нөмірі:	Email:
II. QGCP стандарты бойынша аккредиттеу саласы			
6	Валидация	Жобалау қызметінің секторы/түрі	
		Жобалау қызметінің секторы/түрі	
		Жобалау қызметінің секторы/түрі	
7	Верификация	Жобалау қызметінің секторы/түрі	
		Жобалау қызметінің секторы/түрі	
		Жобалау қызметінің секторы/түрі	
III. Валидация мен верификацияның бұрынғы тәжірибесі			
8	Басқа стандарттар/схемалар бойынша валидация және верификация жөніндегі орган ретінде аккредиттеудің болуы		
9	Клиент, валидация/верификация жүргізілген жобаның атауы, уақыт кезеңі		
10	Валидация/верификация жүргізілген жобалау қызметінің секторлары/түрлері		
11	Берілген өтініштердің жалпы саны	Валидация	
		Верификация	
IV. QGCP стандарты бойынша жұмыс істеуге өтінім берушінің қызметкерлері			
12	Толық мөлшерлемен жұмыс істейтін валидаторлар/верификаторлар		
13	Келісімшарт бойынша жұмыс істейтін валидаторлар/верификаторлар		
14	Техникалық сарапшылар		
15	Әкімшілік қызметкерлер құрамы		
16	Барлық қызметкерлер		

Өтінішке қосымшалар

1. Аккредиттеу жөніндегі қызметке ақы төлеу туралы құжат
2. Заңды тұлғаның мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі



3. Басқа валидация/верификация стандарттары/схемалары бойынша аккредиттеуді растайтын құжаттардың көшірмелері
4. Валидация/верификация туралы бұрын берілген өтініштердің көшірмелері;
5. QGCP стандартын, ҚР СТ ISO 14066-2016 «Парниктік газдар. Парниктік газдарды валидациялау және верификациялау жөніндегі топтардың құзыреттілігіне қойылатын талаптар» және негіздемемен ҚР СТ ISO/IEC 17029-2020 «Сәйкестікті бағалау. Валидация және верификация органдарына қойылатын жалпы қағидаттар мен талаптар», ҚР СТ ISO/IEC 14065-2022 «Қоршаған орта туралы ақпаратты валидациялау және верификациялау жөніндегі органдарға қойылатын жалпы қағидаттар мен талаптар» стандарттарының валидация және верификация жөніндегі талаптарын сақтау туралы еркін нысандағы өтініш;

Уәкілетті тұлғаның ТАӘ:

Уәкілетті тұлғаның лауазымы:

Күні:

Қолы:

Мөр/мөртабан